

**Острогорск ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 16 қазандағы № 4 "Новый Колутон ауылының көшелеріне атаулар беру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Ақмола облысы Астрахан ауданы Острогорск ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 27 ақпандағы № 1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 наурызда № 5848 болып тіркелді

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес, Острогорск ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Острогорск ауылдық округі әкімінің "Новый Колутон ауылының көшелеріне атаулар беру туралы" 2009 жылғы 16 қазандағы № 4 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-6-110 болып тіркелген, 2009 жылғы 20 қарашадағы "Маяк" аудандық газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізсін:

шешімнің кіріспесі келесі редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес, 2009 жылдың 24 сәуіріндегі Новый Колутон ауылы тұрғындары жиынның хаттамасын ескере отырып, Острогорск ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**"

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Острогорск ауылдық  
округінің әкімі

Т.Құрман

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Астрахан ауданының "Мәдениет  
және тілдерді дамыту бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің басшысы

Г.Карасаева

27.02.2017 ж.

Астрахан ауданының "Құрылыс,  
сәулет және қала құрылысы бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің басшысы

*Н.Кулаков*

27.02.2017 ж.

Астрахан ауданының "Экономика  
және қаржы бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің басшысы

*Ғ.Шонабаева*

27.02.2017 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК